

- компания, которая совершенствует свою продукцию, постоянно внося в нее небольшие изменения, имеет больше шансов сохранить свои конкурентные преимущества, чем те, которые стремятся к глобальному единовременному прорыву.

1. Афонин И.В. Инновационный менеджмент: учеб. пособие – М.: Гардарики, 2007. – 224 с.
2. Зайцев Л.Г., Соколова М.И. Стратегический менеджмент: учебник / Л.Г. Зайцев, М.И. Соколова. – 2-е изд., перераб. И доп. – М.: Магистр, 2008. – 526 с.
3. Сурин А.В., Молчанова О.П. Инновационный менеджмент: Учебник. – М.: ИНФА-М, 2008. – 368 с.

Стратегия компанияның перспективті даму приоритеттерін оның әлуетті инновациялық деңгейімен байланыстыруға, өндірістің жаңа сапасын және басқаруды компания мақсатына жетуінің басты құралын өндеуге бағытталған.

The strategy is designed to link the priorities for future development of the company to its potential level of innovation, to make a new quality control of production and the main instrument for achieving the goals of the company.

Қ.Р. Мусина, А. Ибраимова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒЫТТАРЫ

Елімізде әлеуметтік саланы жетілдіру Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында және Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында айқындалған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Жалпы, әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларға бөлінетін төлемдер ең алдымен адам факторымен тікелей байланысты. Сондықтан да әлеуметтік төлемдерді нақты жобалау және оны толық түрде игеру мүмкін емес. Өйткені, алдағы жылдары қанша адам зейнетке шығып, қаншасына мүгедектік жәрдемақы тағайындалатыны мүлдем белгісіз. Тап басып айту мүмкін емес. Осыған байланысты, бұл салаға бөлінетін жылдағы қаражат не жетпей қалады немесе артығымен жобаланады. Дегенмен, соның өзінде жыл сайын әлеуметтік бағдарламаларды атқару сапасы жақсарып келеді.

Соңғы жылдары әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру көлемі едәуір артып келеді. Мәселен, 2008 жылы әлеуметтік төлемдерге республикалық бюджеттен 315,9 млрд. теңге бөлінсе, 2010 жылы бұл көрсеткіш 389 млрд. теңгені құрап отыр.

Атап айтқанда, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты әлеуметтік салаға бөлінген республикалық бюджетті игеру 2008 жылы 97,5 пайызды құраса, 2009 жылы 98 пайыз, 2010 жылы 98,1 пайыз, ал 2011 жылы 99,4 пайызды құраған.

Сонымен қатар, экономиканың басым секторларындағы өндірістерді жаңартуға және ұлғайтуға бағытталған жобаларды жоспарлап жүрген кәсіпкерлер үшін әлеуметтік саланы қаржыландыру қағидаларын ұстана әрекет етулері шарт болып табылады.

Соның ішінде:

- Адами, әлеуметтік және ұйымдық факторларларды дамыту және жергілікті экономика мен тұрғындардың тұрмыс жағдайын мемлекет қолдауымен тұрақты дамуын қамтамасыз ету;

- Оқыту, машықтандыру және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қолдау көрсету;

- Бизнесінің әдебі мен әлеуметтік жауапкершілігін сақтай отырып, жергілікті кәсіпкерлік пен қауымдастықты қамқорлау және т.б. Яғни, осындай қағидаларға жүгіне отырып, әлеуметтік жобалаудың келесідей негізгі бағыттары туындайды:

- Қоғамның игілігі мен тұрмыс жағдайы үшін азаматтар мен ұйымдардың әлеуетін көтеру;

- Салауатты өмір салтын, гигиенаны, санитарлық ахуалды насихаттаумен бірге тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартуға атсалысу;

- Экологиялық сауаттылық және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған бастамаларды қолдау;

- Тұрмыстық тұтынуға негізгі қажеттіліктер, соның ішінде сапалы сумен қамту;

- Ұлттық мәдениет пен тілді дамытуды қолдау және т.б.

Әлеуметтік жобалар үшін арналған инвестицияларға келіп тоқталар болсақ, мемлекеттік және инвестициялық компаниялар тарапынан атқарылып жатқан шаралар өте көп.

Мәселен, жылдық бюджеті 1 млн. АҚШ долларын құрайтын Әлеуметтік Инвестиция Бағдарламасы (ӘИБ) – республикамыздың әлеуметтік саласын дамытуға арнаған тағы бір жарқын бастамасы.

Әлеуметтік Инвестиция Бағдарламасының мақсаты – жобаның қаншалықты ойдағыдай жүріп жатқанын және серіктестің шамасын анықтау мақсатында белгілі бір уақытта жобаның нақты көрсеткіштері бойынша мәлімет және қажетті мағлұматтарды жинақтау. Жұмысты бағалау мақсатында белгілі уақыттың ішінде серіктестіктің жұмысын, нақты жобаның нәтижесін, бөлінген қаржының тиімділігі мен жұмсалған күш-жігердің деңгейін анықтау үшін объективті және жүйелі түрде бақылау жүргізеді. Осыған орай нақты мерзімнің ішінде орындаушыдан жұмыстың объективтік көрсеткіштерін, жетістіктерін, жасаған қорытын-дыларды қамтитын есеп беруді талап етеді.

Бағдарламада әлеуметтік жобаларды инвестициялау жөнінде Кеңес құрылған, оның құрамы кәсіпорынның әртүрлі бөлімдерінің өкілдерінен жинақталған, олар өз құзыреттеріне сай белгіленген қаржыны бағдарлама баптарына сай бөледі. Кеңес сонымен бірге әлеуметтік инвестицияның қағидасы мен стратегиясын жасақтап бекітеді, онда қаржыны бұрынғы жай қайырымдылықтан гөрі мемлекет үшін маңызы зор, мақсатты, өзекті мәселелерді шешуге арналған шараларға бағыттау көзделінген.

Осылайша білім беру және оқыту саласындағы, жергілікті тұрғындарды ауыз суымен қамтамасыз етудегі, қоршаған ортаны қорғаудағы және тұрғындарға білікті медициналық көмек көрсетудегі бірінші кезектегі қажеттіліктер мен басымдықтар айқындалды.

Әлеуметтік Инвестиция Бағдарламасы бұрынғы мәні жағынан ауқымы тар, тек әдептілік тұрғысындағы сипатқа ғана ие қаржылындыру тәсілінен жоба басқарушы компания қызметінің негізгі бағытымен үндес, тұрғындардың да, өз өндірісінің де қажетіне жарайтын нақты жобаларды жүзеге асырудың жолын табуда. Мұндай тәсіл салымдар тиімділігінің монито-рингі мен айқындау механизмін жасақтауды қамтыған бизнес жобаларды дәрежелі әдіс-төмесі бойынша әлеуметтік жобалардың тиімділігін бағалаудың қажеттілігін туындатады.

Әрине, біздің жоспарларымызды іске асыру үшін бір ғана мемлекеттік бағдарламалар жеткіліксіз болатыны анық. Мемлекеттік маңызы бар бағдарламалардың бірі - «Жол картасы» бағдарламасы - халықты жұмыспен қамтып қана қоймай, дағдарыстан кейінгі кезеңде тұрақты даму үшін жағдай жасауды көздейтін аталмыш бағдарлама өткен жылы бастау алып, жақсы нәтижелерге жеткізсе, ол биыл да сәтті жалғасып отыр.

Жалпы, «Жол картасы» бағдарламасы төрт инвестициялық бағыт бойынша жүзеге асырылуда:

- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін қайта жаңарту және дамыту - 25 жоба 2 346,0 млн. теңгеге (республикалық бюджет - 1525,7 млн. теңге, жергілікті бюджет - 820,4 млн. теңге);

- жолдарды жөндеу, қайта жаңарту және салу - 4 жоба 757,4 млн. теңгеге (РБ - 542,7 млн. теңге, ЖБ - 214,6 млн. теңге);

- мектептерді, ауруханалар мен басқа да әлеуметтік нысандарды жөндеу және жылыту - 21 жоба 1348,4 млн. теңгеге (РБ - 899,3 млн. теңге, ЖБ - 449,0 млн. теңге);

- қала мен кент-ауылдардағы ауылдық округтердегі басымдық бағыттағы әлеуметтік жобаларды қаржыландыру - 10 жоба 239,8 млн. теңгеге орындалмақ.

Атап айтқанда, 2010 жылы Батыс Қазақстан облысында «Жол картасын» жүзеге асыруға 5498,4 млн. теңге қаралса, соның ішінде 60 инвестициялық жобаға - 4705,2 млн. теңге, мұның 3128,0 млн. теңгесі республикалық, 1577,2 млн. теңгесі жергілікті бюджеттен, «Жастар тәжірибесі» мен әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламасын кеңейтуге ел қазынасынан 312,0 млн. теңге және кадрларды даярлау, қайта оқыту және біліктілігін арттыруға 481,2 млн. теңге бөлінген. Сонымен қатар, өткен жылдың тамыздың 1-іне дейін қаржы жоспары бойынша 3708,5 млн. теңге бөлініп, соның 3593,6 млн. теңгесі игерілді немесе 98,5%. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысында 5083 жаңа жұмыс орны ашылып, соның арқасында 3495 адам еңбекке тартылды. "Жол картасы" бағдарламасын табысты іске асырудың арқасында ел өңірлерінде ТКШ-ны реконструкциялау жөнінде 862 жоба іске асырылып, 737 шақырым электр желісі, 1029 шақырым сумен жабдықтау желілері, 284 шақырым жылу трассасы, автожолдар, жүздеген мектептер мен ауруханалар, мәдениет пен спорт нысандары жөнделуде.

Әлеуметтік жұмыс орындары және «Жастар тәжірибесі» жобаларына республикалық бюджеттен 312 млн. теңге бөлінді. Қалалық, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінен келіп түскен мәліметтер бойынша 379 ұйым-кәсіпорынмен әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға келісімшарт жасалып, оларға 1773 адам жіберілуде. Қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген 119,7 млн. теңге толықтай игеріліп отыр. «Жастар тәжірибесі» бойынша 981 түлек жолданып, қаржы жоспарына сәйкес бөлінген 51,1 млн. теңгенің 50,6 млн. теңгесі игерілді немесе 99,0%.

Осы жұмыстардың нәтижесінде 2010 жылғы тамыздың 1-іне дейін ресми тіркелген жұмыссыздардың деңгейі 2009 жылғы шілденің 1-індегі көрсеткішпен салыстырғанда 0,3 пайызға төмендеп, 0,7 пайызды құраған.

Бүгінгі таңда ағымдық 60 жобаның 27-сі облыс орталығында жүзеге асып жатқандықтан, қаладағы нысандарға жетіспей жатқан жұмыс күшін аудандардан тарту көзделген. Өз кезегінше, ауданнан келгендер үшін қолайлы жағдай жасалуда, яғни жатын орны, түскі тамақпен қамтылып, басқа да шығындары өтелуі тиіс.

Сонымен қатар, елімізде 2010 жылдан бастап өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөнінде бірыңғай бюджеттік "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы енгізілген.

Бұл бағдарламаның мақсаты өңірлерде кәсіпкерліктің, бәрінен бұрын шағын және орта бизнестің жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу болатын.

Бұл бағдарлама қаражатын пайдалану мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

- несиелер бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау;
- шағын және орта бизнеске несиелерді ішінара кепілдендіру;
- бизнес жүргізуге сервистік қолдау білдіру;
- кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

"Бизнестің жол картасы-2020" кәсіпкерлер үшін де, сол секілді банктер мен инвесторлар үшін де шикізаттық емес жобаларды қаржыландыру жөнінен жаңа мүмкіндіктер ашады деп болжануда.

Алдағы уақытта бағдарлама шеңберіндегі жобалар үшін 2012 жылға арналған республикалық бюджеттен 30 млрд. теңге көзделуде, оның ішінде:

- 1) жаңа бизнес-бастамаларды қолдауға 12 млрд. теңге;
- 2) кәсіпкерлік секторды сауықтыруға 16 млрд. теңге;

3) экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау үшін 2 млрд. теңге.

Яғни, осы бөлінген қаражаттар республиканың барлық аймақтарында әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды, оның ішінде, ең алдымен, барлық халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасын арттыруға арналған жобаларға, өнеркәсіп өндірісін дамыту мен индустриялық-инновациялық жобаларды жүзеге асыру жолдарына ұтымды пайдаланылуы тиіс.

Қорыта келгенде, әлеуметтік жобаларды қаржыландырудың басты бағыттарын нақтырақ айқындау және осы салада бизнесті жүргізудің өзін дәлелдеген тетіктерін қолдана отырып, әлеуметтік инвестицияны жоспарлаудың, орындаудың және оның нәтижелерін бағалаудың тиімділігіне ерекше көңіл бөлінуі қажет.

-
1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Жаңа Онжылдық - Жаңа Экономикалық Өрлеу - Қазақстанның Жаңа Мүмкіндіктері»
 2. ҚР Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы.
 3. Қазақстан Республикасының Заңы №515-IV, "Егемен Қазақстан" 2011 жылғы 6 ақпан N
 4. Мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуының аспектілері ХҚТУ хабаршысы, 2011. №3 360-363 б.
 5. www.BNews.kz. АСТАНА. ҚазАқпарат 10.12.2011 ж. «Жаңалақтар таспасы»

Необходимо уделять особое внимание планированию, исполнению и оценке результатов социального инвестирования, применяя механизмы, которые доказали свою эффективность в данной отрасли, а также более четко определять основные направления финансирования социальных проектов.

Thoroughly finds out more precisely and main financial directions of social project, shows importance underlines of social industry associations and specially pays attention for results of values efficiency.